



JOURNAL OF SOCIAL, HUMANITIES AND ADMINISTRATIVE SCIENCES

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed
ISSN 2630-6417



Article Arrival Date: 19.11.2015

Published Date: 30.01.2016

Vol 2/ Issue 2 / pp: 1-7

Kazak Bozkırında Selçuklu Kümbetleri

Seljuks Ruins In Kazakh Steppe

Қазақ Даласындағы Селжұқ Дәуіріндегі Мұнаралы Мазарлар

Zhulduz SAKHI

Erciyes Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Bölümü Yüksek Lisans Öğrencisi, Genel Tarih Anabilim Dalı.
zhuldysakhi@gmail.com Kayseri/Türkiye

ÖZ

Bu çalışmada Kazak bozkırlarındaki Selçuklu devrinde yapılan kümbet mezarlar hakkında karşılaştırmalı bilgi verildi. Kazakistan coğrafyasında bulunan XI – XII. yy kümbet mezarları ile Türkiye ve İran topraklarındaki kümbet mezarları mimari ve sanat tarihi bakımından değerlendirildi. Özellikle aynı dinin temsilcileri tarafından yapılmış olan kümbet mezarların tarihi süreç içerisindeki gelişimi ve geçirdiği evreler anlatıldı. Bu kümbet mezarların bulunduğu coğrafyaya, iklime ve içinde bulunan kişiye göre farklılıklar gösterdiği anlaşılmaktadır. Yapıların büyüklükleri, en, boy ve yapım malzemeleri değişiklikler göstermektedir. Bu anlamda üçgen, prizma, dikdörtgen, küp ve silindirik şekillerde kümbet mezarların inşa edildiği görülmüştür.

Anahtar Kelimeler: Kazak, Bozkır, Türkler

ABSTRACT

In this study, comparative information was given about the tombs built during the Seljuk period of the Kazak steppe. XI - XII located in the territory of Kazakhstan. century cupola dome tombs with burial in the soil, Turkey and Iran were evaluated in terms of architecture and art history. Especially the development and the stages of the tombs built by the same religious representatives during the historical process were explained. It is understood that these tombs have different geographical, climatic and inhabitant figures. Variations in size, width, height and construction materials show changes. In this sense, it was seen that the tombs were built in triangular, prismatic, rectangular, cube and cylindrical forms.

Key words: Kazakh, Bozkir, Turks

ТҮЙІН

Бұл тақырыпта Қазақ даласындағы Селжұқ дәуірінде салынған мұнаралы мазарлар туралы зерделенді. XI ғасырларда бой көтерген мұнаралы мазарлардың алғашқы нұсқалары Орта Азиядан басталып, Түркия, Иран, Азербайжан топырақтарына дейін жалғасын тапты. Мақаламызда тарихи салыстырмалы әдісті қолдана отырып, Қазақ өлкесіндегі мұнаралы мазарлар мен Анадолы жеріндегі Селжұқ дәуіріндегі мазарларды салыстырдық. Сонымен бірге мұнара тәрізді кесенелердің тарихына, ерекшеліктеріне, өзара ұқсастықтарына тоқталдық. Мұнара кесенелер салу дәстүрі Сыр бойынан басталып, Иран, Түркияда дамуына тоқталып және де мұнаралы мазарлардың Қазақ сәулет өнеріне әсер ықпалын көрсеттік.

Кілт сөздер: Орта Азия, Мұнаралы мазар, Селжұқ, Оғыз

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ СЕЛЖҰҚ ДӘУІРІНДЕГІ МҰНАРАЛЫ MAZAPЛAP

Қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде күнен-күнге суы тартылып, экологиялық жағдайымен әлемді алаңдатып отырған Арал теңізі жатыр. XX ғасырдың 60-жылдарына дейін толқыны тулаған теңіз маңы қайнаған өмірдің ортасы болатын. Көне ғасырлардан Арал маңында өркениет үзілген жоқ. Әсіресе орта ғасырларда Арал теңізі, оған құятын Сырдария, Амудария өзендерінің аралығында гүлденген қалалар салынды. Осы аймақ Ұлы дала мен отырықшы мәдениеттерді байланыстырған көпір іспетті болды. Қазіргі таңда ескі қалалардың орындары мен уақыт сынағына төтеп беріп тұрған көне кесенелер, мазарлар тарихтан сыр шертеді. Солардың ішінде сұлу қыздың сәукелесіндей болып Бегім ана мұнарасы көз тартады. Бұл далада сандаған қалалар күйреп, топыраққа айналып кетсе де, кесенелер мен мазарлардың тарих желіне мүжілсе де сақталып қалуының сыры неде? Бәлкім бұл кесенелер ата-бабамыздың киелі дүниетанымымен байланысып жатқанынан болар. Шындықтан тамыр алған дала аңыздары Бегім ана мұнарасын асқақтата түседі. Бегім Ана - Қарабура әулиенің қызы, Салжұқ мемлекетінің ханы Санжар сұлтанның әйелі дейді қазақ аңыздары. Қарабура Қарахан

мемлекетінің хандарының бірі Қара боғрахан деген де аңыз бар. Ал қазақ халқының құрамындағы тама руы Қарабураны өздерінің атасы санайды. Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы тайпалардың бірі яғма мен қазақ руы тама арасындағы дыбыстық үндестік те кездейсоқ емес. Демек Бегім ана мұнарасы орта ғасырдағы Қарахан, Оғыз-селжұқ мемлекеттерін ғана емес, сол замандармен қазақ халқын да байланыстырып тұр. Бегім ана түркі халықтарының материалдық мәдениеті пен рухани мәдениетінің ескерткіші дей аламыз. Бегім ана мұнарасы - шамамен X — XII ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы кентінен батысқа қарай 68 км жерде орналасқан. 1979 жылы Қазақстан Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов) зерттеген. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен (23x26x6) қапталған. Биіктігі 10,5 м. Жоғары қарай сәл қусырыла келген сегізқырлы призма пішінді, төбесі пирамида болып біткен. Орта деңгейге (шамамен 5,5 - 6 м) дейін мұнара бағанасы тұтас, одан жоғары бөлме бар; бұған шығыс жағындағы аркалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара ескерткіш үшін де, не әлдебір белгі беруге, қарауыл қарауға арналып салынуы да мүмкін деген болжам бар. Қазақстанда осы тәріздес ортағасырлық мұнаралар (Ұзын там, Сараман қоса) көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ “мұнаралы кесене” деген атаумен белгілі (XIII - XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Әзербайжанда кең тараған. Бұл жағдай осы елдерге Арал аймағынан түркі тайпаларының ығысып баруына байланысты болуы мүмкін. 1989 жылы мұнара өңдеуден өтті.¹



Сурет 1: Бегім Ана кесенесінің ескі халы



¹ Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. “Аруна Ltd.” Алматы 2005

Сурет 2 : Бегім ана кесенесі.

Мұнаралы кесенелердің ғылыми айналымға енуіне ғалым Э. Байтеновтің зерттеулері өлшеусіз үлес қосты.²

Бегім ана мұнарасынан 15 шақырымдай жерде Ұзынтам мұнарасы орналасқан. Ұзынтам мұнараы шеңбер пішінді болып келеді, 22–23х22–23х5–5,5 см шикі кірпіштен салынған, іргесінде диаметрі 7 метрге жуық, жоғары қарай 10 метрге дейін сүйірленіп келеді. Ішкі жағындағы камера күмбезделіп жабылған. Ұзынтам мұнарасы алғаш XIX ғасырдың екінші жартысында орыс офицері А.И. Макшеевтің жазбаларында аталады.³



Сурет 3: Ұзынтам мұнарасы

Дегенмен мұнараны ғылыми тұрғыда зерттеп, тұжырымдар жасаған профессор Э. Байтенов⁴ болып табылады.

Мұнаралы кесенелердің бірі Сараман қожа Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Кәукей ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде тұр. Сараман қожа мұнарасы шикі кірпіштен қаланып, 24х24х5 см күйген кірпішпен қапталған. Сараман қожа мұнарасы да Ұзынтам сияқты шеңбер пішінді болып келеді, жоғары қарай сәл сүйірленген мұнара іргесінің диаметрі 5 м шамасында, қабырғаларының қалыңдығы 1 метрден асады, биіктігі 15 метрге жуықтайды. Мұнара бірінің үстіне бірі орналасқан үш камерадан тұрады. Мұнараның төбесі шатырлы күмбезбен жабылған. Есігі солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Ғалымдар мұнара шамамен X–XI ғасырларда салынған деген болжам айтады.

Ескерте кететін бір жағдай, Арал маңындағы мұнараларда жерлеу ізі табылмаған [4,46]. Осыған байланысты кейбір ғалымдар бұл мұнаралар қарауыл мұнаралары болуы мүмкін деген болжам айтқан.⁵ Дегенмен бұл мұнаралардың белгілі бір адамдар атымен байланысты болуы тегін емес. Қазақ даласында жерлеу орыны жоқ молалар мен мазарлар көптеп кездеседі. Әсіресе жаугершілік замандарда жау қорламасын деп батырларды жасырын жерлеп, әр түрлі жерлерге бірнеше мола салатын болған. Мысалы, Қабанбай, Бөгенбай сияқты батырлардың бірнеше моласы бар. Архитектор Э.Байтенов мұнараларды зерттей келе: «мұнаралар жәбір көрген (Бегім ана), кісі қолынан қаза болған (Сараман қожа) немесе мәйіті табылмаған адамдарға ескерткіш ретінде салынған»⁶ деп болжайды.

² Байтенов Э.М. Казахские мунара . Архитектурное наследство. Алматы 1990.

³ Макшеев А.И. Описание низовьев Сырдарьи. Алматы 1856 . 335 – 336 бет

⁴ Байтенов Э.М. Загадки башни Узун-там и других памятников Приаралья . Алма-Ата, 1986. 43-46 бет

⁵ Аничков И. О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. 2011 . 120–121 бет

⁶ Байтенов Э. Мемориальное зодчество Казахстана: эволюция и проблемы формообразования. Алматы, 2004.70 бет

Қазақ даласында Бегім ана мұнарасымен сырттай ұқсастығы бар сәулет ескерткіштері кездеседі. Қазақтар «дың» деп атаған мұндай құрылыстар қола дәуірінен бастау алады. VI–IX ғасырлар арасында Қазақстанда дами бастаған архитектуралық құрылыстың бір сипаты діни сенімге байланысты. Ислам дініне дейінгі қазақ жерінде сәулет құрылысының бір түрі–құрылыс жүйесі киіз үйге ұқсас дың ескерткіштері. Оның қабырғасы берік тастан қаланады. Ғимараттың бұл түрі VIII ғасырдағы Қимақ хандығы мен Қарлұқ қағанаты кезінде басым болған. Құрылыстың бұл түрінің көп сақталған жерлері: Орталық Қазақстан, Жетісу,Тарбағатай, Маңғыстау. Дың қаза болған адамды жерленген жерге тұрғызылады. Ол жерлерге қазба жұмысы жүргізілгенде,мәйіт жанына қойылған мал сүйектері және о дүниеде қажет болады деп бірге көмілген құрал–сайман,қару–жарақтар табылған. Қазақ жеріндегі әйгілі кесенелердің бірі Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кесенесі де пирамида пішінді мұнара тәріздес болып келеді. Бұл сәулет ескерткішін X–XI ғасырларда салынған деген болжамдар бар. Мазар табаны төрт бұрышты таған түрінде (сырт жағынан аудаы 7,10 - 7,10 метр, ішкі жағынан 3,38□3,38 метр), жоғары қарай сүйірленіп, күмбезделіп өрілген, биіктігі 11,65 метр Еденінен күмбезіне дейінгі биіктігі 4,35 метр Қабырғасы гранит қалақ тастан сабан аралас балшықпен қаланған, қалыңдығы 1,86 метр Кіреп есігі шығысқа қаратылған. Қозы көрпеш – Баян сұлу мазарының жанында төрт тас мүсін болған. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кесенесін қидан дәуріндегі қарауыл мұнаралармен де ұқсатушылар бар. Бегім ана мұнарасы мен Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесінің ұқсастығы сырт пішінінде деуге болады. Олардың салыну технологиялары да, қолданылған материалдар да әр түрлі болып келеді. Дегенмен екі кесененің де төбесі пирамида пішінді болып бітуі, қарауыл мұнарасы сияқты салынуы кездейсоқтық дей алмаймыз. Бұл түркі халықтары арасындағы тарихи-мәдени байланыстың көрінісі бола алады. Дыңдар исламға дейінгі сәулет өнерінің ескерткіштері деп саналады. Академик Ә.Х.Марғұлан дыңдарды YIII-X ғасырдың ескерткіштері деп есептеген.⁷

М.Б. Кожа Арал маңындағы мұнаралардың протатипі дыңдар болған деп санайды. Сырдария бойында оғыздар үстемдік құрған кезеңде мұнаралар тастан емес, кірпіштен салына бастаған.⁸ Мұнаралардың протатиптері, яғни шығу тегі дыңдармен байланысты екенін Түркіменстандағы Ақ Сарай мұнарасының дың атануы да көрсетеді.

Сонымен Бегім ана мұнарасын салушыларға тоқтала кетейік. Бегім ана мұнарасы Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент қаласына жақын жерде орналасқан. Янгикент X ғ. Оғыз билеушілерінің астанасы мен қысқы резиденциясы болды. Оғыз державасының саяси орталығы ретінде Жаңа Гузияны таңдау көптеген жағдайларға байланысты болды. Олардың ең бастысы Янгикенттің тиімді географиялық орналасуы болды. Ол Отра Азияның ірі егіншілік оазистерінің тоғысында орналасты. Жаңа Гузия оғыз даласын Хорезм, Мәуереннахр және Хорасанмен байланыстыратын дәліз болды. Сырдария қалалары оғыз жабғуларының құрғақтағы және өзен саудасының маңызды нүктелері болды. Ибн Хаукал Сырдария мен «жаңа мекенге» астық пен нан тиеген қайықтар жүрді деп жазады. Янгикент қимақ даласына, Сарысу, Кеңгір, Есіл мен Нұра алқаптарына баратын керуен жолында тұрды. Жол Сығнақ пен Оңтүстік Оралға баратын сауда жолымен тоғысатын.

Оғыздар астанасының қалдықтары қазірге дейін сақталған. Бұл Арал маңындағы Қазалыдан қашық емес жерде орналасқан Жанкент қалажұрты. Жанкент қалажұртының пішіні тік бұрышты, шығыстан батысқа қарай созылған, шығыс бөлігінде кеңейе түседі. Көлемі 375x225 м (шығыс бөлігінде 300 м). Батыстан шығысқа қарай бас көше тартылған, одан тік бұрыштан кіші көшелер таралған. Солтүстік-батыс бұрышында көлемі 100x100 м, биіктігі 7-8 м, шаршы пішінді цитадель орналасқан. Қалажұрттың сыртқы қабырғалары, шығыстағысынан басқасы, биіктігі 8 м-ге дейін жалға айналған. Оның бойында кей жерлерінде кең тұстары – бұрынғы мұнаралар орны бар. Шығыс қабырға басқаларға қарағанда жақсы сақталған. Оның негізінде

⁷ Марғұлан А. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир . Алматы 1947. 63 бет

⁸ Кожа М.Б. Огузские элитные постройки приаралья. 90-97// Қазақ ескерткіштану мәселелерінің 1-ші және 2-ші Симпозиум материалдары: Ақтөбе, 15 қыркүйек

көлемі 40x40x9 см кесектен қалақ байқалады. Оның үстінде биіктігі 3 м биіктікке сақталған пахса қалағы бар, олардың арасында қамыс қабаттары бар.

Шығыс қабырғаның ортасында қақпа алды құрылысы сақталған. Ол ұзындығы 15 м (оңтүстіктен солтүстікке қарай) жарты дөңгелек түріндегі құрылыс. Қақпа солтүстік шетінде қабырғаға перпендикуляр орналасқан. Кіреберіс екі шығынқы мұнарамен күзетіледі. X-XII ғғ. бұл қалалар өзіндік, соның ішінде қалалық мәдениет жасаған көне түркілердің мал шаруашылық-егіншілік және балық аулау аралас экономикасының отырықшы және қалаланған компонентін құрады.

Әрине, «оғыздық» деген атау, олардың негізін оғыздар қалады деген сөз емес – бұл олардың бұл жерде оғыздар үстемдік құрған кезіндегі саяси иелігін білдіреді. Жетісу, Арал, Сырдария, Сары Арқаның ортағасырлық қалалары сияқты бұлар да өзіндік мәдениеті бар қаңғарлар, қаңлы, қарлұқ, қимақ, қыпшақтар тұрған түркі қалалары болды. Қала тұрғындары арасында соғдылықтар мен хорезмдіктер де болды.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы 10 ғасырда оғыз мемлекетінің астанасына айналды. Оғыз мемлекетінің халқы түркі және иран тілінде сөйлеген. «Жабғу» атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. Оғыз жабғуларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметі мұрагерге — «иналға» беріліп отырған. Жабғу мемлекетінде оғыз әскерінің сюбашиы» деп аталатын бас қолбасшысы маңызды рөл атқарған. Оғыздар мал шаруашылығымен айналысты. Отырықшылық та қатар дамыды. Жент, Сауран, Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығанақ деген қалалары болды. Құл саудасы дамыды. Оғыздар мәжусилер болып, бақсы-балгерлерге табынды. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.⁹

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды орын алды. 965 жылы олар Киев Русымен одақтасып хазар қағанатын талқандайды. 985 жылы оғыз жабғуы орыс кінәздарымен бірлесіп Еділ Булғариясын талқандады. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуаты өсуіне әсер етті.

10 - 11 ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпаларының көтерілістері себеп болды. Салжұқтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті 11 ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, Хорасан салжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Селжұқ мемлекетінің негізін оғыздардың қынық руынан шыққан Селжұқ қалаған. Бұл мемлекет адам атымен аталған еді. Селжұқ әкесі Дукактан кейін әскер басы болып, оғыз жабғулармен келісе алмай 935 жылы өзіне қарасты ру-тайпаларымен бірге Жент қаласына қоныс аударып, орналасты. Жент қаласының тұрғындары сол кезеңде Ислам дінін қабылдап біткен еді. Сондықтан Жент айналасына қоныс тепкен Селжұқ мұсылмандықты тез арада қабылдап алды. Ол қысқа мерзімде өзіне қарасты әскер бірліктерін жинап, қуаттана бастады. Сонымен қатар оғыздардан бөлініп шыққан басқа да бірлестік тайпаларды қоса бастады. өз кезеңінде ол ұлы Арсланды жіберіп, Саманұлдарына Қарахандықтарды қирату үшін көмекке аттандырады да Мауераннахрға орнығады. Селжұқтар бірте-бірте Иран, Азербайжанға таралып, Анадолыға да жетті. Селжұқтар өздері жүріп өткен жерлерге тарихи із ғана емес, мәдени де із қалдырды. Соның бір көрінісі ретінде мұнаралы кесенелерді айта аламыз.

Оғыз мұнаралары қазақ сәулет өнеріне өзінің әсерін тигізген. Арал, Сырдария бойында XVIII–XX ғасырларда қазақтар Бегім ана, Сараман қожа мұнаралары сияқты мұнаралар тұрғызған. Бұл мұнаралар да қайтыс болған адамдарға арнап салынған. Бірақ жерлеу іздері көрінбейді. Қазақ мазарларын арнайы зерттеген Э. Байтенов қазақ мұнаралары еліктеудің нәтижесінде туған деп болжайды. Қазақ мұнараларының композициялары оғыз мұнаралары сияқты күбезді

⁹ Байтенов Э. Казахские мунара . Архитектурное наследство. Алматы 1990. 35 бет

деңгейлер мен ойықтары бар. Дегенмен бұл мұнараларды X–XII ғғ. және XIX–XX ғасыр басындағы мұнарларды байланыстыратын аралық дәнекер жоқ. X-XI ғасырлардағы мұнараларды салған оғыздардың тікелей ұрпақтары Азербайжан, Түркия, солтүстік Иранға қоныс аударған.¹⁰[9. 74]

Қазақ жеріндегі мұнараларға ұқсас құрылыс Түркіменстандағы Ақ Сарайдың XI-XII ғасырларда салынған деп болжанады.¹¹

Иран және Анадолы жерлерінде мұнаралы мазарлар өлген адамды мумиялап жерлейтін мазар түрлерінің біріне жатады. Шығыс Түркістаннан Анадолыға дейінгі Селжұқтардың жүріп отырған жерлерінен мұнаралы мазарлары көреміз. Селжұқтар мемлекеті құрылғаннан, XIV ғасырға дейін мұнаралы мазарлар салынған. Мазарлар көбінесе екі қабатты болып келіп отырған. Ең астыңғы қабатына өлген кісіні мумиялап жерлеп отырған. Оған үстіңгі қабаттан баспалдақтармен түсетін жол салған. Ирандағы мұнаралы мазарлар күйдірілген кірпіштен қаланса, Түркия мен Азербайжандағы мазарлар тастан қаланып отырған. Көбінесе цилиндр болып салынған мазарлар, үстін біраз күмбезге ұқсатып үшкір қылып салған. Бертін келе, Азербайжан мен Батыс Иранда шеңбер сияқты, көп бұрышты мазарлар пайда болған. Ирандағы мазарлардан мысал келтіріп кететін болсақ, Çihilduhteran (Kırk kızlar 1054 - 55) мазары шеңбер сияқты болып салынып, жоғарысын екі күмбез тәріздес қылып келіп, күйдірілген кірпіштен салған. Қабырғаларын ағаш, гүл мотивлерінде әшекейлеген. Сегіз бұрышты, көп бұрышты шеңбер тәріздес, төртбұрышты болып болып келетін мұнаралы мазарлар, Түркия жерінде де кездесіп отырады. Иран жерінде салынған мазарлар тек мазар ретінде танылса, Түркия жеріндегі мазарлар сонымен қатар, мешіт, медресе рөлін де атқарып отырған. Иран жеріндегі молаларда терезенің орнына кішкене саңлау сияқты тесік салынса, бертін келе Анадолы топрақтарында әшекейленген терезелер қаланып отырған.

Оңтүстік Азербайжан Мерегада (Meraga), Солтүстігінде Нахдживанда (Nahcivanda) мұнаралы мазарлары көп кездесетін жерлер болып есептеледі, Нахдживанда 1162 жылы салынған Юсуф Вин Кусейр (Yusuf bin Kuseyr) мазары күйдірілген кірпіштен, сегіз бұрышты болып салынған, төбесі пирамида секілді жабылған мазарлардан бірі. Бұл жердегі ең биік мазарда 1186 жылы салынған 25 метр бойндағы Мүмине Хатун (Mümüne Hatun) мазары. Іші шеңбер тәріздес болып келген, сырты он бұрышты домалақ болып, күмбезі пирамида сияқты біткен. Іші әшекейленген және арабша жазулар жазылған.¹²

Қорыта айтқанда, Иран, Азербайжан, Түркияда салынған мұнаралы кесенелер өз бастауын Қазақ жерінен алады. Арал маңындағы мұнаралар мен басқа мұнараларды байланыстыратын ұқсастықтар бар. Атап айтқанда, мұнаралар сегіз қырлы, көп қырлы, төрт қырлы, шеңбер тәрізді болып келеді. Сонымен бірге бірінің үстіне бірі салынған екі, үш камерасы, арнайы ойықтары болады. Арал маңындағы мұнаралардан бастап, Түркияға дейінгі мұнаралардың белгілі бір эволюциясын көруге болады. Ғалымдардың басым көпшілігі Қазақ жеріндегі мұнаралар да қайтыс болғандарға арнап салынғанын айтады. Қазақ, Түркімен жеріндегі мұнараларда жерлеу орны болмағанмен де, олармен байланысты аңыздар бұл мұнаралардың қайғылы қазаға, әділетсіз өлімге тап болған жандарға арналғанын көрсетеді. Мұнаралы кесенелердің прототипі Түрік қағанаты, қимақ, қидандар дәуірінен келе жатқан дындар деуге болады. Қазақ даласында ХУІІІ-ХІХ ғасырларда салынған мұнаралар өзінің құрылысы, салыну себептері жөнінен X-XI ғасырлардағы мұнарларға өте ұқсас болып келеді. Бұл мұнаралар тек еліктеуді ғана емес, терең рухани байланысты көрсетеді. Өйткені мұнарлар тарихи ескерткіш түрінде сақталып қоймай, олармен байланысты тарихи оқиғалар, салыну себептері халық жадында ұмытылмай келген.

Пайдаланылған әдебиеттер

¹⁰ Байтенов Э. Қазақ ескерткіштану мәселелерінің 1-ші және 2-ші Симпозиум материалдары: Ақтөбе Атырау, 22–24 қараша. Алматы–Атырау. 2012. 226 б.

¹¹ Хмельницкий С. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. Берлин – Рига 1996. 164 бет

¹² Оқтай Асланпара. Түрк санаты, Прагер баспасы, Ремзи кітап үйі, Стамбул, 1984 82 – 84 бет

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. “Аруна Ltd”, Алматы, 2005
2. Байтенов Э.М. Казахские мунара. Архитектурное наследство. 37 Алматы, 1990
3. Макшеев А.И. Описание низовьев Сырдарьи. СПб., Алматы, 1856.
4. Байтенов Э.М. Загадки башни Узун-там и других памятников Приаралья. Памятники истории и культуры Казахстана. Вып 2. Алма-Ата, 1986.
5. Аничков И. О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Туркестан, 2011
6. Байтенов Э.М. Мемориальное зодчество Казахстана: эволюция и проблемы формообразования. Алматы, 2004
7. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. Вестник АН КазССР, Алматы, 1947
8. Кожа М.Б. Огузские элитные постройки приаралья, Қазақ ескерткіштану мәселелерінің 1-ші және 2-ші Симпозиум материалдары: Ақтөбе, 15 қыркүйек; Атырау, 22–24 қараша. Алматы–Атырау: «Ағатай», 2012 - 226 б.
9. Байтенов Э. К проблеме преемственности в казахском мемориальном зодчестве Байтенов Э.М. Қазақ ескерткіштану мәселелерінің 1-ші және 2-ші Симпозиум материалдары: Ақтөбе, 15 қыркүйек; Атырау, 22–24 қараша. Алматы–Атырау: «Ағатай» 2012. - 226 б.
10. Хмельницкий С.Г. Между саманидами и монголами, Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. Берлин–Рига, 1996. Часть 1.
11. Оқтай Асланпара. Түрк санаты, Прагер баспасы, Ремзи кітап үйі, Стамбул, 1984